

*«Вожатское сердце Сибири - 2013» атты 6-шы Халықаралық байқау аясындағы «Мезгілдік балалар ұжымының дамуы және қалыптасу технологиялары» тақырыбындағы балалар лагеріндегі әдіскерлер мен тәлімгерлердің оқыту-жаттығу курсы, Новосибирск қаласы, Ресей, 2013 жылғы 01-04 қараша*

Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығымен балалардың жазғы демалысын ұйымдастырушылар арасында тәжірибе алмасу мақсатында 2013 жылғы 01-04 қараша аралығында Ресей, Новосибирск қаласындағы «Вожатское сердце Сибири - 2013» атты 6-шы Халықаралық байқау аясындағы «Мезгілдік балалар ұжымының дамуы және қалыптасу технологиялары» тақырыбындағы балалар лагеріндегі әдіскерлер мен тәлімгерлердің оқыту-жаттығу курсына жіберілді:

Салбенбекова Салтанат Даулетханқызы – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы әлеуметтік-педагогикалық бөлім әдіскері.

Курстың тақырыбы балалардың сауықтыру лагерьлеріндегі мезгілдік балалар ұжымының ең өзекті мәселелеріне арналған:

- Балалар ұжымында қарым-қатынасты қалыптастырудағы анимациялық технологиялардың мүмкіндіктері.
- Балалар ұжымында баланың көңіл-күйінің психологиялық-педагогикалық диагностикасы.
- Мезгілдік балалар ұжымындағы өзін-өзі басқару.
- Тәлімгердің шығармашылық белсенділігін белсендіру әдістемесі ретінде ШОДТ (шығармашылық ойды дамыту теориясы)
- Бірлескен қызметтің аспабы ретінде event- технология және уақиғалы педагогика.
- Мезгілдік балалар ұжымының тәжірибесі және психологиялық-педагогикалық негіздер теориясы.
- Балалар ұжымында топты құру және топты құру технологиялары.
- Коммуникативтік ойындар.
- Заманауи лагерьде заманауи тәлімгер.
- Конфликтология бойынша практикум.

Халықаралық курстың жұмысына «Магистр» (Новосибирск қаласы) Балалар және жастар демалыс орталығымен бірге Сібірдің әртүрлі өңірінен, Ресей және Қазақстан қалаларынан келген әдіскерлер, тәлімгерлер қатысты (Новосибирск, Ижевск, Бийск, Саратов, Барнауыл, Санкт-Петербург, Омбы, Белово, Челябинск, Хабаровск, Чита, Новокузнецк, Астана, Ақмола облысы, Томск, Ленинск-Кузнецкий, Пермь, Снежинск).

Халықаралық курстың бағдарлама аясында балалардың сауықтыру лагерьлеріндегі балалар демалысының мәселелері бойынша әдістемелік көрме ұйымдастырылды.

Курсқа қатысу үшін Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясының әртүрлі өңірлерінің өкілдері шақырылды.

Курста Ресейдің жоғарғы тәлімгер мектебінің абыройлы мамандары дәрістер оқыды:

Шульга Ирина Ивановна – анимациялық педагогика зертханасының бастығы, НМПУ профессоры, педагогикалық ғылымдардың кандидаты;

Рыжков Андрей Игоревич – бизнес-жаттықтырушы, НМПУ доценті, педагогикалық ғылымдардың кандидаты;

Черникова Лариса Викторовна – практикалық психолог, Новосибирск білім қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтының аға оқытушысы;

Рудман Алиса – «Зажги Звезду!» лагерінің бағдарламалық директоры, практикалық психолог;

Данилков Андрей Анатольевич - «Магистр» БЖДО бас директоры, НМПУ доценті, психологиялық ғылымдардың кандидаты;

Лисецкая Елена Викторовна - «Дзержинец» БСЛ директоры, НМПУ доценті, педагогикалық ғылымдардың кандидаты;

Зунзяк Снежана – «Магистр» БЖДО менеджері, әлеуметтік педагог;

Щукин Павел Александрович – «Дзержинец» БСЛ директорының орынбасары, В.М. Шукшина атындағы АМАҚ мектептен тыс жұмыстар бөлімінің бастығы.

Халықаралық курстың соңында барлық қатысушыларға алғыс хаттар мен сертификаттар тапсырылды.